

Д.А. Оспанова, С.Б. Шалекенов, Д.М. Калдашов
 Қазақ медициналық үздіксіз білім беру университеті,
 Жоғарғы Қоғамдық Денсаулық Сақтау мектебі

ОНКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘЖІРИБЕДЕГІ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ЕМДІК-ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ҮРДІСТЕРДЕГІ САПА МЕНЕДЖМЕНТІНЕ ҚАТЫСТЫ БІРҚАТАР АМАЛДАР

Жұмыста онкологиялық тәжірибеде скринингтік бағдарламалардың жүргізілуі туралы отандық және шетелдік авторлардың ғылыми басылымдарына талдау жасалынған шолу мәліметтері ұсынылған. Алдын алу және емдік – диагностикалық үрдісті көрсету бойынша сапа сұрақтары, денсаулық сақтауда менеджмент құралдарын қолданудың негізделуін белсендендіретін үдерістік және жүйелік ұстаныммен қарастырылады

Түйінді сөздер: онкология, скринингтік бағдарламалар, жүйелік талдау.

Бүгінгі таңда медицинамен қатар, әлеуметтік-экономикалық мәселелердің қатарына жатқызылатын қатерлі ісік аурулары заманауи денсаулық сақтау саласында маңызды мәселе болып отыр. Бұл аурулардың қоғамдағы маңыздылығы тұрғындар арасындағы қатерлі ісікпен сырқаттанушылықтың кең таралуы және үдемелі түрде көбейіп, өлім-жітім және мүгедектіктің артуымен анықталады [1-3].

Отандық және шетелдік ғылыми басылымдар авторларының материалдарына аналитикалық шолу жасау барысында әлемдегі онкологиялық жағдай көрсеткіштерінің негізгі бағыттарының қолайсыз екендігін көрсетеді [4-8]:

- қатерлі ісікпен сырқаттанушылық артуда;
- барлық өлім себептерінің арасында қатерлі ісік 65 жастан асқан ерлер тобының 25% -ын, ал 60 жастағы әйелдердің 30% -дан астам үлесін құрайды;
- қатерлі ісіктің даму мүмкіндігін адамның жасына байланысты функция ретінде қарастырған жөн;
- құрылымды басқаруда және нәтижесін оңтайландыру тұрғысынан онкологиялық профилактикалық бақылауды сапалы жүргізуді және қаржыландыруды ұйымдастыруда елеулі түзетулер жасау талап етіледі.

Онкологиялық қызметтің ғаламдық бюджет қалыптастыру жағдайында ұтымды басқарушылық шешімдерді қабылдауда, оңтайлы ұйымдастырушылық, клиникалық-диагностикалық, реабилитациялық және профилактикалық технологиялар таңдауда ғылыми көзқараспен қарастыру қажет.


Онкологиялық көмек үрдістерін басқару, мақсатты мәндерді анықтау бастапқы қойылған тапсырыстан минималды ауытқитындай етіп бағытталған. Мысалы, онкология тәжірибесінде қорытынды нәтижелі болу стандарттары қалыптасады. Әдетте, медицинада қайталанатын бір реттік үрдіспен басқару жүзеге асырылады. Сондықтан, алдын алу және емдеу-диагностикалық әдістемелік құралдарды және олардың әр кезеңін стандарттау тәсілі өзекті болып отыр.

Стандарттау әкімшілік шешімдерді қабылдауда уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді [9-12]. Математикалық құрылғы (алгоритмдер, модельдер) - сондай-ақ стандарттар нұсқаларының (функционалды стандарттар) бірі болып табылады.

Үздіксіз сапаны жоғарлату жүйесін басқару- құрылымды, үрдісті және нәтижені басқарудан құралады.

Құрылымды басқару –медициналық ұйым басшысының күзіреттілігі. Бұл қаржылық, материалдық-техникалық және адам ресурстарын басқару болып табылады.

Онкологиялық науқастарға медициналық көмек көрсетуді басқару үшін сапа менеджменті стандарттары қажет пе? Сапаны үздіксіз жақсарту жүйесін әкімшілік басқарудың бейімделу үлгісін қарастырайық (1-сурет).




Сурет 1 - Сапаны үздіксіз жақсарту үрдісін басқару үлгісі

Сапаны бақылау және қамтамасыз ету жүйесіндегі мәселелерді анықтау үшін жүйелі амал қолданылады. Онкологиялық көмек жүйесі – өз ретінде блоктар мен элементтерге бөлшектенетін, бірнеше ішкі жүйелерден

тұратын ашық динамикалық жүйе. Егер, жүйенің бір бөлігі тиімсіз қызмет атқаратын болса, ол теріс әсерін тек жүйенің толық қызметіне ғана емес, және де оның құрылымына да тигізеді [13,14].

Науқастарда онкомециналық тексерулер нәтижесінде, қатерлі ісік ауруларының анықталу деңгейінің төмен болуы біріншілік сырқаттанушылық құрылымындағы қатерлі ісіктің бастапқы кезеңіндегі науқастардың үлес салмағын төмендетеді, нәтижесінде емдік іс-шаралардың қажетті тиімділігін қамтамасыз ете алмайды. Біріншілік диагностикалау деңгейінің жеткіліксіз болуы салдары науқастарда кеңінен таралған ауру формаларының тіркелуіне алып келеді, соңында арнайы ем нәтиже бермейді.

Онкологиялық көмектің барлық сатысын жүйелі талдау критикалық сәттерді анықтауға мүмкіндік береді (2сурет). Жекелеген құрамдас жүйелердің жұмысын жақсарту айтарлықтай ресурстарды талап етпейді, бірақ бүтіндей жүйенің тиімділігін айтарлықтай жоғарылатуы мүмкін, және де оған жаңа жүйелік сапа береді [11,12,15]. Демек, онкологиялық көмек жүйесі өзара байланысты үрдістердің жұмыс нәтижесімен анықталады.



Сурет 2 - Онкологиялық көмек жүйесінің құрылымдық кестесі

Анықталған мәселелерді талдау үшін сапаны үздіксіз жоғарылатуды қамтамасыз ету жүйесінің ұстанымдары қолданылады [12].

Есептік статистикалық ақпараттарды динамикалық режимде, құрылымы бойынша, жұмыс барысы бойынша, нәтижелері бойынша зерттеу мәселелерді шешу мүмкіндігіне бағытталған жедел және стратегиялық іс – шаралардың кешенін анықтауға мүмкіндік береді.

Әкімшілік шешімдерді қабылдау тек ағымдағы тиімділікке қол жеткізу бағытында ғана емес, сонымен қатар мәселенің бастапқы себептерін жоюға және оның қайта орын алуын болдырмауға бағытталған. [2,4,11]. Бұл кезде шешімді тәжірибелік жүзеге асырудың қорытындысы болжамданады. Мысалы, емханада онкологиялық науқастарды кеңес беруге қабылдау барысында шамадан тыс жүктеме болып, науқастардың кезекте тұруы анықталды.

Стандарттаудың мақсаттылығы тек медициналық әдістемелік құралдар көлемін ғана емес, сонымен қатар олардың дәрігер және медбике деңгейінде ретімен орындалуы, себебі, медицина қызметіндегі негізгі көмекші үрдістердің нысанды регламенттелуін қамтамасыз етеді, алдын – алып, бақылау жүргізуді іске асыруға мүмкіндік береді.

Осылайша, онкологиялық көмек өзара байланысатын үрдістердің нәтижесі болып табылады: басқарушылық, материалды – техникалық, технологиялық және т.б.. Ол блоктардан, элементтерден және ішкі жүйелерден тұратын тұтас жүйе болып табылады, талдау барысында әлсіз буындарды анықтауға, оларды жетілдіру іс – шараларын тиімді жоспарлауға, нәтижелерді бағалауға, шешімдерді түзетуге мүмкіндік береді. Стратегиялық басқару қызметінің жоғарылауы жағдайында басқарушылық қателіктердің бағасының өсуі ұйымдастырушылық мәселелерді шешуге ғылыми көзқарасты талап етеді. Жыл сайын, емдеу – диагностикалық үрдіс барынша технологиялық тұрғыда дамуға, сондықтан науқастарды алдын – алу, емдеу және реабилитация жүргізуінің қорытынды нәтижелері медициналық қызметкерлерінің қызметінде қандай стандартты және мамандандырылған бағдарламаларды және ақпарат құралдарын қолдануына тікелей байланысты.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Гайдаров Г.М. Применение социально экономического районирования для изучения смертности от злокачественных новообразований // Проблемы социальной гигиены, здравоохранения и истории медицины. - 2008. - №4. - С. 5 - 9.
- 2 Thome B. Quality of life in older people with cancer a gender perspective // Eur. J. Cancer Care. - 2004. - Vol. 13. - №5. - P. 454-463.
- 3 Evaluation of health-related quality of life measures in oncology drug product applications: Issues and concerns / R. Sridhara, Chen Gang, George Y.H. Chi, Donna J. Griebel // J. Biopharm. Statist. - 2004. - Vol. 14. - № 1. - P. 23-30.
- 4 Нургазиев К.Ш. Главный онколог страны: Панацеи от рака никогда не будет: www.tengrinews.kz/ - 20.03.2014.
- 5 Герасименко Н.Ф. Сверхсмертность населения главная демографическая проблема России в контексте европейских тенденций здоровья / Н.Ф. Герасименко // Здравоохран. Рос. Федерации. - 2009. - № 3. - С. 10-14.
- 6 Марущак И.А. Научное обоснование комплекса мероприятий по ранней диагностике злокачественных новообразований репродук - тивной системы у женщин (на примере г. Хабаровска): автореф. дис. ... канд. мед. наук - Хабаровск, 2006. - 23 с.
- 7 L.B. Wang Changes of histology and expression of MMP-2 and nm23-H1 in primary and metastatic gastric cancer // World. J. Gastroenterol. - 2008. - №14(10). - P. 1612 - 1616.
- 8 R. Li Expression of CD40 and CD40L in gastric cancer tissue and its clinical significance // Int. J. Mol. Sci. - 2009. - № 10. - P. 3900 - 3917.
- 9 Чиссов В.И. Онкология: национальное руководство. - М.: ГЕОТАР - Медиа, 2008. - 225 с.
- 10 Ганиев Д.Р. Об обеспечении высокотехнологичной медицинской помощью онкологических больных отдаленных территорий // Проблемы социальной гигиены, здравоохранения и истории медицины. - М., 2009. - № 3. - С. 34-37.
- 11 Иванова М.К. Оценка и управление факторами риска канцерогенной и мутагенной опасности в условиях техногенеза: автореф. дис. ... д-р.мед.наук - Казань, 2012. - 40с.
- 12 Сидоренко Ю.С. Организационные резервы улучшения работы онкологической службы // Здравоохранение Российской Федерации. - 2009. - №9. - С. 20 - 22.
- 13 A preliminary study on correlations of triple-phase multi-slice CT scan with histological differentiation and intratumoral microvascular/lymphatic invasion in gastric cancer / X.D. Yin et al. // Chinese Medical Journal. - 2011. - № 124(3). - P. 347-351.
- 14 Нургазиев К.Ш. Онкозаболевание должно лечиться системно // Онкология. - 2012. - №1. - С.26-31.
- 15 Simoons, S. and Scott A. Voluntary or compulsory health care reform? The case of primary care organizations in Scotland // Health Policy. - 2005. - 72(3). - P. 351-358.

Д.А. Оспанова, С.Б. Шалекенов, Д.М. Калдашов
*Казахский Медицинский Университет Непрерывного Образования,
Высшая Школа Общественного Здравоохранения*

НЕКОТОРЫЕ ПОДХОДЫ К МЕНЕДЖМЕНТУ КАЧЕСТВА ЛЕЧЕБНО-ДИАГНОСТИЧЕСКИХ И ПРОФИЛАКТИЧЕСКИХ ПРОЦЕССОВ В ОНКОЛОГИЧЕСКОЙ ПРАКТИКЕ

Резюме: В статье представлен аналитический обзор научных публикаций отечественных и зарубежных авторов в области реализации программ скрининга в онкологической практике. Качество процессов лечения, диагностики и профилактики рассматривается с позиции системного и технологического анализа, чтобы актуализировать обоснованность инструментов управления, используемых в Здравоохранении.

Ключевые слова: онкология, скрининговые программы, системный разбор

D.A. Ospanova, S.B. Shalekenov, D.M. Kaldashov
*Kazakh Medical University of Continuing Education,
Graduate School of Public Health*

SOME APPROACHES TO THE MANAGEMENT OF THE QUALITY OF TREATMENT AND DIAGNOSTIC AND PROPHYLACTIC PROCESSES IN ONCOLOGICAL PRACTICE

Resume: This article presents the analytical survey of native and foreign authors' scientific publications in the field of screening programs realization in oncology practice. The quality of treatment, diagnosis and prevention processes is viewed from position of system and process analysis to actualize the validity of management tools using in Healthcare.

Keywords: oncology, screening programs, system analysis